

М.Ғабдуллин атындағы № 70 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша бракераждық комиссия отырысы

ХАТТАМА № 2

Бұгін, 10 қазан 2024 жылы, М.Ғабдуллин атындағы № 70 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг мен бракераждық комиссияның отырысы болды.

Қатысқандар – 7

**Күн тәртібінде:**

1. 2024 жылдың қазан айындағы мектеп асханасының тамақ ішуді ұйымдастыру жұмысын және тамақ өнімдерінің сертификаттары мен декларацияларын тексеру

- мәзірінің талаптарға сәйкес келуі, ас дайындау және сақтау процесінің стандарттарға сай орындалуы
- мектеп асханасында пайдаланатын барлық тамақ өнімдеріне қатысты сертификаттар мен сәйкестік декларацияларының бар жоғын тексеру, өнімдер сапа стандартына сай келуі тиіс және барлық қажетті құжаттармен расталуы керек

**Тындалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша орынбасары Е.А.Наренов сөз алды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі

Бұгін мектеп асханасындағы тамақ ішуді ұйымдастыру жұмысы мән тамақ өнімдерінің сапасын тексердік. Тексеру барысында ас мәзірі, тамақ дайындау және сақтау шарттары сондай ақ өнімдердің сертификаттары мен декларацияларын тексердік

Мектебімізде бір күнде 810 бала тамақтанады. Бастауыш бойынша 691 оқушы, 5-11 кл бойынша 120 оқушы 5 рет тамақтану кезеңімен тамақ іshedі. Элеуметтік педагогтар мен мектеп мейірбикесі қадағалайды. 2024- 2025 оку жылында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № КР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру обектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылықта ала отырып, мектеп асханасының ас блоктарында дайын тағамдар сапасын органолептикалық бағалау жүргізу мақсатында 02.09.2024 жылы № 246 бұйрығымен бракераж комиссиясы құрылды. Мақсаты: тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуын, асхананың санитарлық жағдайын, аз мәзірі мен азық – тұліктірдің сапасы мен сақталуын бақылау. Бұгін қатысып отырған ата-аналар алдыңғы отырыстағы ұсынысқа сәйкес қатысып отырсыздар. Әр айда бракераждық комиссияның құрамына ата-аналардың мүшелері өзгертуле отырсын деген ұсыныс түскен болатын.

Комиссия мүшелері жаңа қарап өттік мектеп асханасының жұмыс режиміне сай жұмыс жасаудын, тамақтану нормаларының сақталуын, асхана тазалығын, тағамдардың дұрыс берілуін бақыладық, Ас блогындағы, асхана жұмысының ұйымдастырылуы, тамақ өнімдерінің сапасын қарап өттік Бәрі нормага сай, ешқандай кемшілік байқалмады.

Ата-ана: Қаратаева Алия

Бүгінгі кезекті тексеру барысында анықтағанымыз: күнделікті ас мәзірі ілінген. Асхана іші таза, жуылған. Ас ішетін столдардың үсті таза, сұртілген, окушыларға жақсы жағдай жасалған. Тамақты құю нормасы сақталған, тоңазытқыш іштері таза, күндік норма алғынған. Асхана қызметкерлері тараپынан барлық тиісті сұраптарға жауап алдық. Асханада 2 стенд орнатылған, онда тамақтануға қатысты барлық акпараттар бар. Асхана қоймаларын тексеру кезінде кемшіліктер анықталған жок. Тамақтар жабық ыдыста сақталған, маркировкалары бар. Қазір қоғамда балалар мен жасөспірімдердің дұрыс тамақтануы басты назарда болғандықтан, барлық сақтық шараларын қатаң бақылауда ұстауымыз қажет.

Ата-ана: Тұрсымбекова Айнагұл

Тамақтардың сақталуы жақсы. Үн, макарон, күріш, жарма т.б. өнімдері арнайы ыдыстарда сақталған және жерден биік жерге қойылған. Барлық ыдыстардың маркировкалары бар, ас блогында пайдаланылатын ыдыстардың барлығы таңбаланған. Раквиналары таза, асхана қызметкерлерінің ауысымды халаттары ілінген, қокыс тастайтын контейнерлері бар, тамақты тасымалдау жұмысы жақсы. Тоңазытқыштар таза, жуылған, санитарлық жағдайы жақсы. Қолданылатын ыдыс-аяқтар саны жеткілікті, тексеру кезінде сынған, зақымданған фактілер анықталған жок.

Тамақтардың күйилу нормасын бақыланды. Тамақтардың дайындалу сапасы жақсы, нормаға сәйкес болды. Дайын өнімдер мен шикі заттардың сақталу орны таза. Қабылданатын азық-түлік өнімдерінің сапасын сақтау шарттары мен мерзімдері талапқа сәйкес тағамды жасау технологиясы сақталған, тоңазытқыштардың жұмыс жасауы қалыпты. Тамақтардың сақталуы, тауар көршілестігі сақталды.

**Қаулы:**

1. Комиссия қараша нәтижесінде қазан айындағы мектеп асханасында тамақтануды үйімдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыру санитарлық талаптарға сай жүргізіліп, алдағы уақытта да мектеп әкімшілігі тараپынан қатаң бақылауда болсын
3. Мектеп асханасында пайдаланатын барлық тағам өнімдеріне қатысты сертификаттар мен өнімдер салынуда стандарттына сай келуі үнемі қадағалансын.

Комиссия төрағасы

Д.Н.Кудайбергенов

Хатшы:

Б.К.Бакишева

